

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т. II, Ч.1.- Б. 229-233.

**ӘОЖ 82-131**

## **ҚАЗАҚТЫҢ ЫРЫМЫ МЕН ТЫЙЫМ СӨЗІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ КӨЗІ**

*Жаксылыкова Д.Б., 1-курс студенті  
Лаубаев Н.Б., 1-курс  
студенті*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,  
Астана қ.  
Ғылыми жекткішісі: Абшиева Ж.Р.*

Ұлт тағдыры – ұрпақ қолында екенін жақсы түсінген ата-бабамыз өз ұрпақтарын ежелден ізгілікке, имандылыққа, инабаттылыққа, кішіпейілділікке, ізеттілікке, салауаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет етіп қойған.

Адами қасиеттердің арқауы – Ар, Ұят, Намыс. Осы үшеуін берік ұстанған жас ұрпақ ешқашан тобыр болмайды.

Қазіргі заман бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы. «Ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле» деген екен Платон. Бұрынғы ата-бабаларымыз бұл замандағылардан білімі, мәдениеті төмен болған дейміз. Әлбетте ұрпақ тәрбиесіне келгенде оларды көреген, тәжірибелі десек қателеспейміз. Еліміздің ертеңі саналатын ұл-қыздарын салт – дәстүрлермен сусындатып, туған елін, жерін адал сүюді және көзінің қарашығындай сақтап, қорғауды әрбір азаматтың аяулы борышы деп түсіндірген. Беріде өзіміз куә болғандай, бір ауыл адамдары бір анадан туғандай, ынтымақты, ұйымшыл еді. Бір үйдің қуанышына бәрі қуанып, бір үйдің басына түскен қайғысына бәрі ортақ қайғыратын. Дәмді асын бөліп ішіп, ауыр жұмысы болса жұмыла кірісетін. Бұның бәрі пәк адамдықтың, тәрбиеліліктің жемісі еді. Қазіргідей көптеген әдеби, мәдени оқулықтар толассыз ақпарат көздері болмаса да ұлттық салт-дәстүрімізді ұрпақ санасына сіңіре білген сол уақыттың адамдарын қалай кемеңгер демессің.

Қазіргі қоғам дамуының үдерісіне қарай халықтың дәстүрі мен санасында айтулы өзгерістің жүзеге асып жатқаны мәлім. Өскелең өмірдің өсуімен салт пен сананың дамуы заңдылық, дей тұрғанмен, өркениеттер тоғысында ұлт тағдыры сынға түскен кезеңдегі күнделікті тіршілікте көзге түсіп жүрген кей жағдайлар алаңдаушылық туғызып, күнгейлі өмірдің көлеңкелі дағындай көрінетіні шындық. Ұрпақ санасында ұлттық

қасиеттерді қалыптастыру тіл мен дін, салт пен сана, ұлттық дәстүр арқылы жүзеге асып жатады. Халқымыз ғасырлар бойы сайын даланың қатал табиғатымен бетпе-бет келгенде, шапқыншы жаумен шайқасқанда, бейбіт өмірдің мамыражай тірлігінде жинақталған бай тәжірибесінен көрген-түйген қорытындысы ретіндегі ырым-тыйым сөздердің ұрпақ тәрбиесінде қазір де мәні жойылған жоқ. Ізгілікті аңсаудан туған ырымдар, бәле-жала кесепаттан сақтандыратын тыйымдардың тәрбиелік мәні өте зор [1].

Қандай да бір халық болмасын оның әртүрлі ырымдары мен тиымдары болған. Оның барлығын діни деуге болмайды. Бірақ ерте замандарда табиғат сырларын білмеген соң оларға түрлі себептер іздеп, кейде діни ұғымдарға тірелген. Кейде ол ырымдар мындаған жылдық халық тәжірибесінен туындаған болуы да мүмкін. Олардың көбісі, айталық қазақтарда әлі күнге дейін сақталып отыр. Мысалы, ай мен күннің тұтылуы. Халық оның неліктен болатынын қазір біледі. Бірақ қалыптасқан әдет бойынша әлі күнге дейін халық ежелдегідей қолайсыз жағдайдың нышаны деп үрейленеді, тасаттық береді, Құран оқып, Алладан жақсылық тілейді. Кешке, күн батып, қараңғы түскенде тауық шақырса, оны да жамандықтың нышаны деп тауықтың басын кескен. Қазақ ит ұлыса да қатты қауіптенген, қорыққан. Ит жеті қазынаның бірі саналған. Егер ол ұлысабір бәленің хабарын сезіп тұр деп түсінген.

Әлгі айтқандардай қазақта тиымдық ырымдар да болған. Оған жататындар: табалдырықты баспау, есікті кермеу, үйге қарай жүгірмеу, малды теппеу, басына ұрмау, күл шашпау, ақты баспау, үйге кірген жыланның басына ақ құйып, үйден шығарып тастау, өлтірсе де үйден шығарып өлтіру (кейбір халықтар үйге келген қонақ жау болса да сыйлаған, ал өлтіру керек болса, үйден аттанып шыққан соң көзін жоятын), суға түкірмеу, шығып тұрған көкті жұлмау, бүйірін таянбау, адамды айналмау, тұзды шашпау т. с. с.

Қазақ жапан даладағы жалғыз ағашты кеспейді, зақым келтірмейді. Саясына барып паналап, ұйықтамайды. «Жалғыз қаласың» деп ырымдайды.

Қазақ аққуды, сарыала қазды, бұлбұлды және жалғыз жүрген құсты ауламайды, атпайды. Өйткені бұларды киелі құс деп есептейді.

Ымырт кезде жатып ұйықтау қатер. Себебі бұл мезгілде жарық пен қараңғы, бақ пен сор, өлім мен өмір ауысады. Ымырт кезде жатқан адам өлім тілегені деп ырымдайды. Өйткені ол уақыт мал өрістен қайтатын, оларды жайғастыратын кез. Жұмыс қолы керек. Дені сау адам ол кезде жатпайды, қолғабыс жасайды.

Қазанды есік жаққа қаратып қисайтып аспайды. Ол құласа: «несібе төгіледі, ырыс шайқалады, ас азайып, дәм далаға қашады, отқа төгіліп дән күйеді, күл астында қалады, қазан шайқалады – ырыс шамданады» [2] деп ырымдайды.

Қазақ мініп жүрген атының жал-құйрығын күземеген. Ол аттың егесі өлгенде ғана қаралы белгі деп көрсетілген.

Толып жатқан тиымдардың бірі – тірі жандардың суретін салдырмау.

Ол ислам дінінде бар. Оған дейін ондай тиым иудаизм дінінде де болған. Себебі ана дүниеге барғанда, оларға жан бітер деп қинайды екен. Ал қазақ кілемдерінде архар, нар, жылқы суреттері жиі кездесетін. Содан кілемге адам бейнесін салып, оның аты-жөнін жазу тек кеңес дәуірінде орын алды. Бірақ та тау үңгірлерінде тасқа салынған суреттерде адам, арба, ат, басқа да жануарлар суреттері кездеседі. Бұл суреттер ислам дінінен әлдеқайда ерте, бәлкім Тәңіршілдік дәуірінде дүниеге келген болса керек.

Әлбетте қазақтың тиымдарын төмендегідей жіктеуге болады:

1. Тұрмыстық – шаруашылыққа байланысты ырым-тиымдар:

Нан үстіне зат қойма, нанды қолыңмен үзбе, нанды лақтырма, сүтті төкпе, сыпырғышты тік қойма, отқа түкірме, тұзды баспа.

2. Мәдени – гигиеналық мағынаны қалыптастыратын ырым-тиымдар:

Шелектегі суға аузыңды салма, саусағыңды аузына салма, бас киіммен ойнама, таңдайыңды қақпа, басыңды шайқама, екі езуіңді керме, шашыңды аяқ астына тастама, жағыңды таянба.

3. Экологиялық тәрбие беретін тиым сөздердің түрлері:

Жалғыз ағашты жұлма, көкті жұлма, малды теппе, суға дәрет сындырма, құстың ұясын бұзба, су шашып ойнама.

4. Әдеп мәдениетіне тәрбиеленетін ырым-тиымдар:

Үлкеннің алдын кеспе, адамды айналма, кемтар адамға күлме, адамға қарап түкірме, кісіге қарап керілме, анаға зекіме, азабын тартасың, барды жоқ деме, барың жоқ болады.

Жазушы-драматург Д. Исабеков ырымдар жайлы былай дейді: «Ата-анамыз бізге жас кезімізде, аяқ киімді кигенде оң аяқтан бастап кию керек, жатарда жаман ойламау қажет, ымыртта, яғни бейуақта ұйықтама деп үнемі айтатын. Мысалы, ымыртта ұйықтама дейтіні мистика бойынша, дәл сол уақытта жын қоныс аударады, көшіп жүреді екен. Жын ұйықтап жатқан адамның үстінен өтіп кетсе, ол есалаң болып қалады дейді. Сондай-ақ суға түкірме, түнде өзенге шомылма, түнде тырнақ алма деген ырым-тыйымдарды да жиі еститінбіз» [3].

Қазақы ырым-тыйымның барлығы да кәдуілгі өмірдің өзінен, тұрмыста кездесетін алуан түрлі жағдаяттардан алынған. Мәселен, «түнде тырнақ алма» деген тыйымды алайық. Ештеңесі жоқ, қазіргі күні кейде тырнақты түнде алып жүрміз ғой. Меніңше, мұнда тұрған ешнәрсе жоқ секілді. Бірақ ойлап отырсаңыз, ата-бабаларымыз өмір сүрген сол бір ғасырларда бүгінгідей жарқырап тұрған жарық шам болмаған, сондықтан бала-шағалары тырнақ аламын деп саусақтарын кесіп ала ма? деген қобалжудан осындай тыйым пайда болуы мүмкін. Жалпы, қазіргі жастар ырым-тыйымдардың барлығын бірдей қабылдай бермейді. Себебі жаһандану заманында ұлттық құндылықтардан гөрі европацентристік мәдениеттің үстем болуы және де әралуан ақпараттардың молдығы жастардың дүниетанымына әсер етпей қоймайды. Әйгілі этнограф Д. Қатран: «Ырым-тыйым көп жағдайда адамның наным-сеніміне тығыз байланысты. Ырым дегеннің өзі қандай да бір жағдайға байланысты әлдебір әрекеттерді атқармауға тыйым салады. Ырым-тыйым халқымыздың

әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін шатастырмау үшін де қалыптасқан. Оның үстіне ақ пен қара, күн мен түн, жақсылық пен жамандық секілді дуалистік түсініктердің қолданыстағы мәні мен маңызын, парқын ажырату үшін, бұған қоса, осындай жағдаяттарды ырымдауға, олардың қайсыбіреулеріне тыйым салу мақсатында ырым-тыйым пайда болған. Ал тыйымның өзі ырымдауға байланысты болады. Мәселен, шай немесе сусын құйғанда, үлкендер «қолдың сыртына қарай құйма» деп жатады. Ал мұның мәнісі халқымызда мәйітті арулаған (жуындырған) кезде суды қолдың сыртына қарай құяды. Демек, сусынды ешқашан қолдың сыртына қарай құюға болмайды. Сондай-ақ «ауылға қарай атпен шаппа немесе жүгірме», - [4] дейді. Мұның өзі қазақтың салтында үйге қарай шауып келетін жағдай бар екендігін білдіріп тұр.

Анығын айтсақ, қазақтың салтында суыт хабар айтуға келген адам ғана ауылға шауып келеді. Сонымен қатар «есікті керме» деген тыйым бар. Мұның мәнісі, бұрындары жаманат хабар алып келген адам ғана есікті керіп тұрып, хабарды жеткізетін болған. Тағы бір ерекшелігі, мұндай хабар әкелген адам үйге кірмей, тізе бүкпей кетеді. Түйіндеп айтсақ, ата-бабаларымыз қалыпты жағдай мен қалыптан тыс жағдайдың ара жігін ажырату үшін ырым-тыйымдарды пайдаланған.

Жалпы алғанда, адам қоғамының барлық түрінде де тыйым сөздер қажет. Тіршілік болған соң күнгейі мен көлеңкесінсіз болмайды. Сол кереғарлықты реттеп отыру үшін нанымдық, сенімдік, моральдық-этикалық, құқықтық нормалар сияқты тыйым сөздер де әлеуметтік ортаны реттеп отырады [5]. Қоғам мүшелерін игі мақсаттарға бағыттап, адамдар арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік туады.

Абай атамыз айтқандай «мақалдың сөзге татырлығы бар» демекші, қазақ ырымдарының да сөзге тұрарлығы бар. Әрине ырым қазақ халқы үшін үлкен бір тәрбие. Ал дегенменде кейбір ырымдардың адам санасына әсер етер жақтары да бар. Қоғамда қаншама арулар отбасын құрып, балалы болмай ажырасып кетіп жатқандары қаншама! Оның ішінде жаны жайсаң жандар қаншама! Екінші рет отбасын құрғанда қазақтың көптеген әдет-ғұрыптары оларды сыртқары итеріп тастайды. Айтар болсақ, келін түскенде ондай жандарға келіннің қолтығын сүйеуге, орамал салуға, төсек салуға мүлдем қарсылық танытады. Осының өзі адамға үлкен ой тастайды. Олардың сонда жазығы не деген ой келеді. Қазақтың ырымы дей берсек асыл жандарымызды қоғамымыздан аластатқанымыз болар.

Сондықтан да ырымдардың естісі де, есері бар, көңілге қонымдысы да бар. Ырымға сенген халықпыз, наным сенімге көп көңіл бөлеміз. Алайда бүгінгі таңда сол ырымымыз, нанымымыз қайда кетіп бара жатыр деп ойлану керек. Айтар болсақ, келін алдық, ол келініміздің аяғы ауыр, ал бұл жағдай бұрын сонды қазақ отбасында болып па еді?.. Болмаса бір жерге барып келген келіннің бетін қайтадан неге ашамыз, неге түндік байлатамыз?... Шарифатта бар емес пе келіннің беті бір ашылар деген. Бүгінгі қоғамда балалы болған келіннің де беті бір емес, екінші рет ашылуда, бұған кім кінәлі, қоғам ба, әлде адам ба? деген ойлардың шешуін

табудың да өзі қиын болар. Бұдан шығар қорытынды саф алтындай алған өнегемізді, кейінгіге «илеуі қанбаған, қоймалжың тартқан» ұрпағымызға аманат етіп қалдырудың өзі де күмән тудыраар мәселе болып тұрғандай.

Қазақтың тиымдары мен ырымдары арқылы ата-бабамыз ұрпағын ұлттық тәрбиенің тұнығынан қандыра отырып, талай тар кезеңде қазақтық бейнесін жоғалтпай, елдігі мен өрлігін көрсете білген өмірлік жол.

Тыйым сөздер балалардың есі кірген кезден-ақ қолданылғандықтан, ойы айқын, жас ерекшелігіне сай түсінікті, нақты тұжырымдарды білдіреді. Балаларды ертеден-ақ жаман әдет, жат қылықтан сақтандырады. Есі жаңа кірген кезден басталып ержеткенге дейін құлағында жүріп, жүрегінен орын алатыны сөзсіз. Мұндай өнегелі, мейірімді сезімге, адами құндылыққа үйрететін бұл сөздердің естілуі қатқылдау болғанымен, жас баланың жанына төгер шуағы мол, бағдаршамы болмақ. Қысқа да нұсқа, айтылу екіні де ерекше тіркестер шоғыры жас адамды сол айтылғанды орындауға еріксіз мойын ұсындырғандай. Өйткені ойлы, мағынасы терең бұл сөздер баланың өмірлік есте сақтауына да жеңіл. Бұл талдап, талқылауды қажет етпейтін, сөзсіз орындалуға тиісті өмірлік міндеттей мәнді тұжырымдар. Оны үлкендердің ұрпағына сөзсіз орындатуы халықтың бала тәрбиесіндегі ұстанымы болған. Атаның тілін бала қайтару, айтқанын орындамау адамшылық жолдан таюмен тең саналған. Мұны көргенсіздік, шектен шыққандық деп білген. Сондықтан әр жас ата салтынан аспай, айтқаны қалтқысыз орындалған. Міне, қазақы тәрбиенің құдіретті ерекшелігі осы жерден көрінеді. Ата салтын тәрбие үдерісінде басшылыққа алудың мәні де осыдан көрінеді. Осы дәстүр қайта қолға алынса, ата-ананы тыңдамайтын бала, тыңдата алмайтын ата-ана болмас еді.

Ғалым Д.Мыңбайдың бір жазған естелігінде 70-жылдарда атам қазақ қыз балаға оң көзқарас танытқан деп басталады. «Ауылда балалары оқыған, көзі ашық, мінезі қатал жақын тумаласымыз болды. Оның үлкен қызы Алматыға оқуға түседі. Қалалық өмірге мән берген апамыз группаластарына еріп, шашын қиып тастайды. Мұны ата-анасына айтуға батылы бармай, суретін жібереді. Анасы әкесіне амал жоқтан суретін көрсетіп, шашының қиғанын да айтады. Ашуға мінген әкесі қызына сәлемдеме жібереді. Сондағы айтқаны елге не бетімді айтам, масқара болдық. Елге келер болса, анау шашына иттің болса да жүнін жалғап келсін, болмаса мені әкем деп танымасын дейді. Бұл сәлемдеме қызына жетеді. Айтқанындай елге бір екі жыл келмей, шашын өсіріп келген екен» [6]. Бұдан түйіндейтініміз отбасылық тәрбиенің түзулігі, ата анаға деген сыйластық, имандылық, ибалылық болар. Ал қазіргі қоғамда осындай иненің жасауындай болса да ілтипаттық болса қуанар едік. Бүгінгі қоғамда бұның бәрі кері кеткендей шаш қию былай тұрсын, жас қыздарымыз басына ақжаулық салмай-ақ аяғы ауырлап жатқанына не дерсіз?! Бұл қоғам үшін де ойланар мәселе.

Халқымыздың ғасырлап жасаған қазынасын шағын мақалада қамту мүмкін емес және оны мақсат етпедік. Біздің айтпағымыз ұлтымыздың асыл қазынасы-тыйым сөздерді пайдалана отырып, қазіргі ұрпақ

бойындағы жамандық атаулыдан құтылудың қамын жасауды ата-аналар ескерсе екен деген лебіз ғана. Ата салтын пайдалана отырып, айтқанын ұрпағына орындатар есті ата-ананың назарын ырым-тыйым сөздерге аударғымыз келеді. Ата дәстүріне иек артпай тәрбиенің көсегесі көгермейтінін баса айтқымыз келеді.

### Әдебиеттер тізім

- 1 Кенжеахметов С. Қазақтың тыйым сөздері [Мәтін]: «Абай», 2010. -№ 10.
- 2 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті [Мәтін]: – Алматы, Ғылым, 1999, - 200 б.
- 3 Саргелтаева К. Халық тағлымы адастырмас сара жол. «Этнопедагогика» [Мәтін] / 2007. -№6.
- 4 Қаралұлы А. Қазақы тыйымдар мен ырымдар. [Мәтін]: Алматы, Өнер, 1998, - 186 б.
- 5 Sergienko E. A. The problem of relationship between subject and personality [Text] / Psychological Journal, -2013. -Volume 34. - No.2. -P.5-16.
- 6 Мыңбай Д. Қазақ тәрбиесінің өзегі [Мәтін]: «Ақиқат», 1998. -№3.